<p>Характеристики энергетической эффективности определены согласно Приказу Министерства промышленности и торговли РФ от 29 апреля 2010 г. № 357 На продукте присутствует наклейка с информацией о его энергетической эффективности ✳ оборудование класса I</p>	

Технический лист с информацией об энергетической эффективности (только для Республики Беларусь)

Наименование изготовителя	Samsung
Наименование модели	NV70K1340BS, NV70K1340BW, NV70K1340BB, NV70K1310BS, NV70K1310BB
Индекс энергетической эффективности EEl _{cavity} для каждой камеры	103,6
Класс энергетической эффективности для каждой камеры	A
Потребление энергии за цикл для каждой камеры в стандартном режиме	0,99 кВт·ч
Потребление энергии за цикл для каждой камеры в режиме с принудительной циркуляцией воздуха	0,87 кВт·ч
Количество камер	1
Источник нагрева	электрический
Объем духового шкафа	70 л
Тип духового шкафа	встроенный
Вес духового шкафа	32,6 кг

Данные приведены в соответствии со стандартами СТБ 2478-2017 и СТБ 2477-2017

Советы по экономии энергии

- Во время приготовления дверца духовки должна оставаться закрытой, за исключением случаев, когда необходимо переворачивать блюдо. Не открывайте дверь часто во время приготовления, чтобы поддерживать температуру в духовке и экономить энергию
- Запланируйте использование духовки таким образом, чтобы не выключать духовку между приготовлением разных блюд, чтобы сэкономить энергию и сократить время на повторное нагревание духовки
- Если время приготовления составляет более 30 минут, печь может быть отключена за 5-10 минут до окончания времени приготовления, чтобы сэкономить энергию. Оставшегося тепла будет достаточно для завершения процесса приготовления
- По возможности, готовьте более одного блюда одновременно



SAMSUNG

Производитель : Samsung Electronics Co., Ltd / Самсунг Электроникс Ко., Лтд

Адрес производителя :
(Мэтан-донг) 129, Самсунг-ро, Йонгтонг-гу, Сувон-си, Гйонгги-до, Корея, 16677

Адрес мощностей производства :
ЛОТ 2, ЛЕБУХ 2, НОРС КЛАНГ СТРЕЙТС, ЭРИА 21, ИНДАСТРИАЛ ПАРК, 42000 ПОРТ КЛАНГ,
СЕЛАНГОР ДАРУЛ ЭСАН, МАЛАЙЗИЯ

Страна производства : Малайзия

Импортер в России :
ООО «Самсунг Электроникс Рус Компани»
Адрес: Российская Федерация, 123242, г. Москва, Новинский бульвар, д. 31, помещение 1, 2

В СЛУЧАЕ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ВОПРОСОВ ИЛИ КОММЕНТАРИЕВ

СТРАНА	ТЕЛЕФОН	БЕБ-САЙТ
RUSSIA	8-800-555-55-55 (VIP care 8-800-555-55-88)	www.samsung.com/ru/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799)	
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799, VIP care 7700)	www.samsung.com/kz_ru/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	www.samsung.com/support
MONGOLIA	1800-25-55	
BELARUS	810-800-500-55-500	
MOLDOVA	0-800-614-40	
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.com/ua/support (Ukrainian) www.samsung.com/ua_ru/support (Russian)



DG68-00762A-02

Мазмұны

Нұсқаулықты қолдану 3

Осы пайдаланушы нұсқаулығында келесі белгілер қолданылған: 3

Қауіпсіздік нұсқаулары 3

Маңызды сақтық шаралары 3

Аталған өнімді дұрыс пайдалану 6

(Электр қуатын шығындау және Электрондық жабдық) 6

Қуатты авт. түрде үнемдеу функциясы 6

Орнату 6

Жинақтың құрамы 6

Қуат қосылымы 7

Корпусты орнату 8

Істі бастау алдында 9

Бастапқы параметрлері 9

Жаңа пештің иісі 9

Керек-жарақтары 10

Іске пайдалану 11

Басқару панелі 11

Жылдам қыздыру 12

Пісіру уақыты 12

Пісіру режимдері 12

Тағам пісіруді тоқтату үшін 13

Дәстүрлі 14

Смарт пісіру 14

Қолмен пісіру 14

Ыдыстарды сынақтан өткізу 17

Күтім көрсету 18

Тазалау 18

Ауыстыру 21

Ақаулық себептерін анықтау 21

Тексерулер 21

Ақпарат кодтары 23

Қосымша 24

Нұсқаулықты қолдану

SAMSUNG кіріктірілген пешін таңдағаныңызға рахмет.

Бұл пайдаланушы нұсқаулығында құрылғыны іске қосуға және күтіп ұстауға көмектесетін маңызды сақтық шаралары мен нұсқаулар қамтылған.

Пешті іске қосар алдында осы пайдаланушы нұсқаулығын уақыт бөліп оқып шығыңыз да, кейін қарап жүру үшін сақтап қойыңыз.

Осы пайдаланушы нұсқаулығында келесі белгілер қолданылған:

▲ ЕСКЕРТУ

Адам қатты жарақат алатын, өлімге және/немесе мүлікке зақым келтіретін қатерлі немесе қауіпті жағдайлар.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Адам жарақат алатын, өлімге және/немесе мүлікке зақым келтіретін қатерлі немесе қауіпті жағдайлар.

📖 ЕСКЕРТПЕ

Пайдаланушыларға құрылғыны қолдану кезінде көмек болатын пайдалы кеңестер, ұсыныстар немесе ақпарат.

Қауіпсіздік нұсқаулары

Бұл құрылғыны тек уәкілетті электр маманы ғана орнатуға тиіс. Құрылғыны орнатушы оны электр желісіне, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін берілген тиісті ұсыныстарды орындай отырып жалғауға міндетті.

Маңызды сақтық шаралары

▲ ЕСКЕРТУ

Бұл құрылғы кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) қолдануға арналмаған. Олар осы құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек. Сөндіруге арналған құралдарды электр сымдарын тарту ережелеріне сай, тұрақты орнатылған сымға орнату керек. Бұл құрылғыны орнатқаннан кейін электр желісінен ағыту мүмкін болуға тиіс. Құрылғыны желіден ағыту үшін оның ашасы қол жететін жерде тұруға тиіс немесе сымға қолданыстағы ережеге сай айырып-қосқыш орнатылуға тиіс. Қорек сымына зақым келсе, қатерлі жағдай орын алмас үшін оны өндіруші, өндірушінің уәкілетті агенті немесе білікті адам ауыстыруға тиіс. Орнату үшін желімді пайдаланбау керек, себебі бұл сенімді жапсыру құралы емес.

Қауіпсіздік нұсқаулары

Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқандар ғана қолдануға тиіс және кембағал, сезім жүйесі дамымаған немесе ақыл-есі кем, құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар құрылғыны қауіпсіз қолдану, қатерлі жағдайлар туралы нұсқау алса ғана немесе тиісті адамның қадағалауы бойынша пайдалануы керек. Балалар құрылғымен ойнамауға тиіс. Балаларға ересектердің бақылауынсыз тазалауға және жөндеуге тыйым салынған. Құрылғыны және қорек сымын 8 жасқа толмаған балалардан алыс ұстаңыз.

Құрылғы іске қосылып тұрғанда қызып кетеді. Пештің ішіндегі қыздырғыш элементтерге қол тиіп кетпес үшін абай болу керек.

ЕСКЕРТУ: Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда қол жететін бөлшектері қызып тұруы мүмкін. Жас балаларды алыс ұстау керек.

Түрпілі тазалағыш заттарды не өткір металл қырғыштарды пеш есігінің шынысын тазалау үшін пайдаланбаңыз, себебі бұндай заттар шыны бетіне сызат түсіріп, оның шытынап кетуіне алып келеді.

Құрылғының тазалау функциялары бар болса, төгіліп қалған заттарды бумен немесе өздігінен тазалау функциясын бастамай тұрып сүртіп, пеш ішінде ешбір ыдыс қалдыруға болмайды. Тазалау функциясы үлгіге байланысты.

Құрылғының тазалайтын функциясы бар болса, өздігінен тазалау функциясы кезінде өздігінен тазаланатын беттер әдеттегіден ысып кетуі мүмкін, сондықтан балаларды алыс ұстау керек. Тазалау функциясы үлгіге байланысты.

Осы пеште қолдану үшін ұсынылған температура істігін ғана пайдаланыңыз. (Ет сүңгісі бар үлгіге ғана қатысты) Бумен тазалағышты пайдалануға болмайды.

ЕСКЕРТУ: Электр қатеріне түсіп қалмас үшін, құрылғы шамын ауыстырар алдында оның электр желісінен ағытулы екеніне көз жеткізіңіз.


Құрылғы қатты қызып кетпеу үшін декоративті есіктің артына орнатуға болмайды.

ЕСКЕРТУ: Құрылғы мен оның қол жететін бөліктері, құрылғыны іске қосқан кезде қызып тұрады. Қыздырғыш элементтерге қол тиіп кетпес үшін абай болу керек. 8 жасқа толмаған балаларды, үнемі байқап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Пісіру үдерісін байқап отыру керек. Қысқа мерзімді пісіру үдерісін үздіксіз байқап отыру керек.

Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігі немесе сыртқы беті ыстық болуы мүмкін.

Құрылғының қол жететін беттерінің температурасы құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде жоғары болуы мүмкін. Пісіру беттері пісіру барысында қызып кетуі мүмкін.



Тор сөреге үлкен зат салған кезде орнықты болып тұруы үшін тор сөренің алға қарай шығып тұрған бөлігін (екі жағындағы тежегіш) алдыңғы жаққа қаратып салыңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

Тасымалдау барысында пешке нұқсан келсе, оны желіге қоспаңыз.

Құрылғыны электр желісіне тек уәкілетті электр маманы ғана қосуға тиіс.

Құрылғыда ақау пайда болса немесе оған нұқсан келсе, іске қосуға әрекеттенбеңіз. Жөндеу жұмыстарын тек уәкілетті техник ғана орындауға тиіс. Жөндеу жұмысы дұрыс орындалмаса, өзіңізге немесе басқаларға қатерлі болуы мүмкін. Пешіңізді жөндеу қажет болса, SAMSUNG қызмет көрсету орталығына немесе дилеріңізге хабарласыңыз.

Электр сымдары мен кабельдерін пешке тигізбеу керек.

Пешті электр желісіне қолдануға рұқсат етілген айырып-қосқыш немесе сақтандырғыш арқылы жалғау керек. Бірнеше розеткаларға арналған адаптерлерді немесе ұзартқыш сымдарды пайдаланбаңыз.

Құрылғыны жөндеу немесе тазалау қажет болса, міндетті түрді ток көзінен ажыратыңыз.

Пештің қасында орналасқан розеткаға электр құрылғыларын жалғаған кезде абай болыңыз.

Бұл құрылғының бумен пісіретін функциясы бар болса, сумен жабдықтайтын картриджге нұқсан келген жағдайда құрылғыны іске пайдаланбаңыз. (Су буы немесе бу функциясы бар үлгіге ғана қатысты)

Су құятын картриджге сызат түссе не сынса, оны қолданбаңыз, жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. (Су буы немесе бу функциясы бар үлгіге ғана қатысты)

Бұл пеш тек үйде тағам пісіруге ғана арналып жасалған.

Пеш іске қосылып тұрғанда, оның ішкі беті күйгізіп жіберерліктей ысып тұрады. Пештің қыздырғыш элементтеріне немесе ішкі бетіне салқындағанша қол тигізуге болмайды.

Пештің ішіне ешқашан тұтанғыш зат салып сақтауға болмайды.

Құрылғы ұзақ уақыт жоғары температурада жұмыс істеген кезде, оның беті қызып тұрады.

Тағам пісіру барысында есікті абайлап ашыңыз, себебі ыстық ауа және бу кенет шығып кетуі мүмкін.

Құрамына алкоголь қосылған тағамды пісіргенде, алкоголь жоғары температурада буланып ұшып, пештің ыстық бөлшегіне тисе өрт шығуы мүмкін.

Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін, жоғары қысымдағы су бүріккіш немесе бумен тазалайтын құралдарды қолданбаңыз.

Пеш іске қосылып тұрған кезде, балаларды қауіпсіз жерде алыс ұстау керек.

Пицца тәрізді мұздатылған тағамдарды үлкен торға салып пісіру керек. Пісіру науасын қолдансаңыз, ол температураның айырмашылығының тым көп болғандығына байланысты деформацияланып қалуы мүмкін.

Ыстық тұрған пеш табанына су құймаңыз. Себебі эмаль қаптама бүлінуі мүмкін.

Тағам пісіру барысында пештің есігі жабық тұруға тиіс.

Пештің табанына алюминий жұқалтыр төсеменіз және оған ешбір пісіру науасын немесе қалбырын қоймаңыз. Алюминий жұқалтыр қызудың шығуына бөгет жасап, нәтижесінде эмаль қаптамаға зақым келтіруі және тағам дұрыс піспей қалуы мүмкін.

Жеміс шырыны пештің эмаль беттеріне кетпейтін дақ қалдырады.

Өте сұйық қоспадан жасалған тортты пісіру үшін шұңғыл табаны қолданыңыз.

Пештің ашық тұрған есігінің үстіне тағам пісіретін ыдыстарды қоймаңыз.

Есікті ашып-жапқан кезде балаларды алыс ұстаңыз, себебі олар есікке соғылып қалуы немесе саусақтарын есікке қыстырып алуы мүмкін.

Есікті баспаңыз, оған сүйенбеңіз, отырмаңыз немесе ауыр зат қоймаңыз.

Есікті шамадан тыс көп салмақ салып ашпаңыз.

ЕСКЕРТУ: Құрылғыны тағам пісіріп болғаннан кейін де электр көзінен ажыратпаңыз.

ЕСКЕРТУ: Пеште тағам пісіп жатқанда есігін ашып қоймаңыз.

Қауіпсіздік нұсқаулары

Аталған өнімді дұрыс пайдалану (Электр қуатын шығындау және Электрондық жабдық)



(Жеке қоқыс жинайтын жүйесі бар елдерге қатысты)
Өнімдегі, аксессуардағы немесе нұсқаулықтағы бұл таңбалау өнімді және оның электрондық аксессуарларын (мысалы, қуат беру құрылғысын, құлақпаптың, USB кабелін), олардың қызмет ету мерзімі өткен соң, үйде басқа мақсатта пайдалануға болмайтындығын білдіреді. Қалдықтардың бақыланбайтын пайдаланылуынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына зиян келтірудің алдын алу үшін бұл заттарды басқа қалдық түрлерінен бөлек алып қойыңыз және оларды материалдық ресурстарды екінші рет пайдалану үшін қолданыңыз.

Үйде пайдаланушылар экологиялық қауіпсіз түрде қайта өңдеу үшін осы өнімді қай жерден және қалай алуға болатынын анықтау мақсатында, осы өнімді сатып алған жердегі ретейлермен немесе оның жергілікті кеңсесімен хабарласуы тиіс.

Іскерлік пайдаланушылар сату-сатып алу шартының талаптары мен ережелерін тексеру үшін өзінің жабдықтаушысымен хабарласуы тиіс. Осы өнім және оның электрондық аксессуарлары жойылатын басқа пайдаланған қаптамалармен араласып кетпеуі тиіс.

Қуатты авт. түрде үнемдеу функциясы

- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда пайдаланушы ешбір өзгеріс енгізбесе, құрылғы жұмыс істеуді тоқтатып, Құту режиміне ауысады.

Орнату


▲ ЕСКЕРТУ

Бұл пешті тек білікті маман орнатуға тиіс. Пешті электр желісіне тиісті қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты ұсыныстарды орындай отырып жалғауға орнатушы міндетті.

Жинақтың құрамы

Құрылғының жинағына барлық бөлшектер мен керек-жарақтардың кіргеніне көз жеткізіңіз. Пешке немесе керек-жарақтарға қатысты ақау пайда болса, жергілікті Samsung тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына немесе дилерге хабарласыңыз.

Пешке шолу



01 Басқару панелі

02 Есіктің тұтқасы

03 Есік

Керек-жарақтары

Пешпен бірге түрлі тағам дайындауға мүмкіндік беретін әр түрлі керек-жарақтар жеткізіледі.



Тор сөре




Тор сөренің төсемесі *




Пісірме науа *



Әмбебап науа *



Өте шұңғыл науа *




Телескопиялық бағыттағыш *

ЕСКЕРТПЕ

Жұлдызшамен (*) белгіленген керек-жарақтардың қол жетімділігі үлгі түріне байланысты.

Қуат қосылымы



- 01 ҚОҢЫР немесе ҚАРА
- 02 КӨК немесе АҚ
- 03 САРЫ және ЖАСЫЛ

Пешті электрлі ашаға сұғыңыз. Аша сұғылатын розеткаға, рұқсат етілетін кернеуге қойылатын шектеуге байланысты қол жетімсіз болса, қауіпсіздік стандартына сай келу үшін көп полюсті оқшаулағыш қосқышты (кем дегенде арасында 3 мм бос орын бар) пайдаланыңыз. H05 RR-F немесе H05 VV-F сипаттамасына сәйкес келетін, кем дегенде 1,5~2,5 мм² болатын, ұзындығы жеткілікті қуат сымын пайдаланыңыз.

Номинальды ток (A)	Ең кіші қысқа қиманың ауданы
$10 < A \leq 16$	1,5 мм ²
$16 < A \leq 25$	2,5 мм ²

Пешке жапсырылған жапсырмадан шығыс параметрлерін қараңыз.

Пештің артқы қақпағын бұранда бұрағышты пайдаланып ашыңыз және сымның қапсырмасындағы бұрандаларды алыңыз. Содан кейін қуат сымдарын тиісті қосылым ағытпаларына жалғаңыз.

(⊥) ағытпасы жерге тұйықтауға арналған. Әуелі басқа сымдардан ұзын болатын сары және жасыл сымдарды (жерге тұйықтауға арналған) жалғаңыз. Аша сұғылатын розетканы пайдалансаңыз, пешті орнатқаннан кейін аша қол жететін жерде тұруға тиіс. Samsung құрылғы жерге мүлдем қосылмаса немесе дұрыс қосылмаса жауапкершілік көтермейді.

▲ ЕСКЕРТУ

Орнату барысында сымдарды басып немесе майыстырып алмаңыз, оларды пештің қызып тұратын бөлшектерінен алыс ұстаңыз.


Орнату

Корпусты орнату

Пешті ас үй жиһазына кіріктіріп орнату керек болса, пештің пластик беттері мен желімделген бөліктері 90 °C градусқа төзімді болуға тиіс. Samsung пештен бөлінген қызудан жиһазға келген зақымға жауапты емес.


Пешті дұрыс желдету керек. Корпустың астыңғы сөресі мен тірегіш қабырғасының арасына желдету үшін шамамен 50 мм бос орын қалдыру керек. Пешті жұмыс бетінің астына орнатсаңыз, жұмыс бетін орнату нұсқауларын орындаңыз.

Орнатуға қажетті өлшемдер



Пеш (мм)

A	560	G	Ең көбі 506
B	175	H	Ең көбі 494
C	370	I	21
D	Ең көбі 50	J	549
E	595	K	572
F	595	L	550




Кіріктірілген корпус (мм)

A	Кемінде 550
B	Кемінде 560
C	Кемінде 50
D	Кемінде 590 - Ең көбі 600
E	Кемінде 460 x Кемінде 50

ЕСКЕРТПЕ

Кіріктірілген қаптаманың қызуды шығару және ауаны таратуға арналған саңылаулары (E) бар болуға тиіс.




Раковинаның астына (мм)

A	Кемінде 550
B	Кемінде 560
C	Кемінде 600
D	Кемінде 460 x Кемінде 50


ЕСКЕРТПЕ

Кіріктірілген қаптаманың қызуды шығару және ауаны таратуға арналған саңылаулары (D) бар болуға тиіс.

Пешті орнату



Пеш пен корпусстың әр бүйірінің арасына кемінде 5 мм орын (A) қалдырыңыз.



Пешті ас үй жиһазына кіргізіп, 2 бұранданың көмегімен пештің екі жағын мықтап бекітіңіз.

Орнатып болғаннан кейін қорғағыш таспаны, жапсырманы және басқа орам материалдарын алып, пештің ішіндегі керек-жарақтарды алыңыз. Пешті корпусан алу үшін әуелі пешті тоқ көзінен ағытып, пештің қос бүйіріндегі 2 бұранданы алыңыз.

▲ ЕСКЕРТУ

Пеш қалыпты түрде жұмыс істеу үшін желдету қажет. Желдеткіш саңылауларын ешқашан бітемеңіз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

Пештің нақты түрі үлгіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Істі бастау алдында

Бастапқы параметрлері

Пешті ең алғаш рет электр көзіне қосқан кезде сағат ("12") жыпылықтап тұратын дисплейде әдепкі уақыт "12:00" пайда болады. Пешті ең алғаш рет пайдалану алдында ағымдық уақытты орнатыңыз.



1. / түймешіктерін сағатты орнату үшін басып, содан кейін түймешігін басыңыз. Минут элементі жыпылықтайды.



2. Минутты орнату үшін / түймешіктерін басып, содан кейін түймешігін басыңыз.



Осы бастапқы параметрді орнатқаннан кейін ағымдық уақытты өзгерту үшін түймешігін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз және жоғарыдағы қадамдарды орындаңыз.

Жаңа пештің иісі

Пешті ең алғаш қолданар алдында жаңа пештің иісін кетіру үшін пештің ішін тазалау керек.


1. Пештің ішіндегі керек-жарақтардың барлығын алыңыз.
2. Пешті Конвекция 200 °C немесе Дәстүрлі 200 °C функциясымен бір сағат тазалаңыз. Бұл пештің ішіндегі өндіру барысында қалған қалдық заттарды күйдіріп тазалайды.
3. Аяқтаған кезде пешті сөндіріңіз.



Істі бастау алдында

Керек-жарақтары

Керек-жарақтарды алғаш пайдаланатын кезде, оларды жылы су мен жуғыш затты, жұмсақ таза шүберекті пайдаланып мұқият тазалаңыз.



- Керек-жарақты пештің ішіндегі дұрыс орынға орналастырыңыз.
- Керек-жараққа және пештің табанына дейін және басқа керек-жараққа дейін кемінде 1 см орын қалдырыңыз.
- Ыдыс және/немесе керек-жарақтарды пештен алатын кезде абайлаңыз. Ыстық тағамдар немесе керек-жарақтар күйгізіп жіберуі мүмкін.
- Керек-жарақтар қызып тұрған кезде деформацияланып қалуы мүмкін. Суығаннан кейін бастапқы пішімдері мен қалыптары қайта орындарына келеді.

- 01 1-ші деңгей 02 2-ші деңгей
03 3-ші деңгей 04 4-ші деңгей
05 5-ші деңгей

Негізгі қолдану

Барынша жақсы пісіру нәтижесіне қол жеткізу үшін әр керек-жарақты пайдалану жолымен танысыңыз.

Тор сөре	Тор сөре гриль жасауға және тағам қуыруға арналған. Тор сөренің алға шығып тұрған бөліктерін (екі жағындағы тежегіштері) алға қаратып салыңыз.
Тор сөренің төсемесі *	Тор сөренің төсемесін тағамның сұйығы пештің түбіне тамшыламас үшін науамен бірге қолдануға болады.
Пісірме науа *	Пісірме науа (тереңдігі : 20 мм) торт, печенье және басқа кондитер өнімдерін пісіру үшін қолданылады. Көлбеу жағын алдына қаратып қойыңыз.
Әмбебап науа *	Әмбебап науа (тереңдігі : 30 мм) пісіру және қуыру үшін қолданылады. Тор сөренің төсемесін пештің табанына сұйық зат тамшыламау үшін пайдаланыңыз. Көлбеу жағын алдына қаратып қойыңыз.

Өте шұңғыл науа *	Өте шұңғыл науа (тереңдігі: 50 мм) тор сөренің төсемесін қолданып немесе қолданбай қуыруға арналған. Көлбеу жағын алдына қаратып қойыңыз.
Сырғытпа жолдар *	Сырғытпа жолдың бағыттағышын науаны төмендегідей орнату үшін пайдаланыңыз. 1. Жолдың бағыттағышын пештен шығарып созыңыз. 2. Науаны жолдың бағыттағышына қойып, жолдың бағыттағышын пештің ішіне қарай сырғытыңыз. 3. Пештің есігін жабыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Жұлдызшамен (*) белгіленген керек-жарақтардың қол жетімділігі үлгі түріне байланысты.



Іске пайдалану

Басқару панелі


Алдыңғы панельді түрлі материалдардан жасауға және әр түрлі түспен бояуға болады. Сапаны жақсарту үшін пештің сыртқы көрінісіне алдын ала ескертусіз өзгеріс енгізілуі мүмкін.



01 Режим таңдайтын тетік	Пісіру режимін немесе функцияны таңдау үшін бұраңыз.
02 Дисплей	Уақыт ақпаратын немесе таңдалған режимнің қысқаша сипаттамасын көрсетеді.
03 Пісіру уақыты/ Сағат	Пісіру уақытын орнату үшін басыңыз. Ағымдық уақытты орнату үшін 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.
04 Жоғары / Төмен	Сағат немесе таймер параметрлерінің мәнін өзгерту үшін пайдаланыңыз.
05 Таймер	Таймер уақытты немесе тағам пісіру уақытын қарауға мүмкіндік береді.
06 Параметр дискі	Гриль жасау үшін температура немесе қуат параметрін орнату үшін параметр дискін пайдаланыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Резеңке немесе пеш қолғабын киіп тұрып дисплейді түрткен кезде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.



Режим таңдайтын тетік

- 01 Сөндіру
- 02 Жылдам қыздыру
- 03 Пісіру режимдері
- 04 Пештің шамы



Параметр дискі


- 01 Грильге арналған қуат деңгейі
- 02 Температура ауқымы




Іске пайдалану

Жылдам қыздыру


Сонымен қатар, пешті жылдам қыздыруға болады. Бұл қыздыру уақыты аяқталғанша күтетін уақытты барынша азайтады. Бұл әрекетті орындау үшін келесі қадамдарды орындаңыз.



1. таңдау үшін режим таңдау тетігін бұраңыз.



2. Температура ауқымындағы қажетті температураны орнату үшін параметр дискін бұраңыз.



Пеш ішкі температура нысан температураға жеткенше қыздыра бастайды. Болған кезде таңдалған режимге қайтаруды ұмытпаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Гриль режимі үшін алдын ала қыздыру қажет емес.

Пісіру уақыты



1. түймесін басыңыз.
2. Пісіру уақытын орнату үшін / түймешіктерін пайдаланыңыз, содан кейін түймешігін басыңыз. Уақытты ең көбі 23 сағат 59 минутқа қоюға болады.

ЕСКЕРТПЕ


Егер пісіру уақытын жойғыңыз келсе түймешігін басып, содан кейін уақытты 0:00-ге қойыңыз.

Пісіру режимдері



Тағамды пешке алдын ала қыздырып болғаннан кейін салуды ұсынамыз. Бұл ең жақсы нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі.

1. Пісіру режимін таңдау үшін режим тетігін айналдырыңыз.



2. Температура ауқымындағы қажетті температураны орнату үшін параметр дискін бұраңыз. Гриль режимі үшін оның орнына қуат деңгейін таңдаңыз.

01 Гриль режимі

02 Грильден басқа пісіру режимдері








ЕСКЕРТПЕ


Гриль функциясын таңдап, температураны 50 °C және 250 °C аралығына қойсаңыз, немесе Қалыпты Пісіру режимін таңдап, температураны Гриль 1 және 3, дыбысты сигнал естіледі де, хабар көрсетіліп (сол жақта көрсетілген тәрізді), температураны қайта орнатуды ескертеді.


Пештің ішіндегі нақты температураны уәкілетті ұйым рұқсат еткен рұқсатталған термометр мен әдісті қолданып өлшеуге болады. Басқа термометрлерді пайдаланған кезде өлшеу қатесі пайда болуы мүмкін.



Режим		Ұсынылған температура (°C)	Нұсқаулар
	Конвекция режимі	170	Артқы қыздырғыш элемент қызу бөледі және оны конвекция желдеткіші біркелкі таратады. Бұл режимді бір уақытта әр түрлі деңгейде пісіру және қуыру үшін пайдаланыңыз.
	Дәстүрлі пісіру режимі	200	Қызу үстіңгі және астыңғы қыздырғыш элементтерден бөлінеді. Бұл функцияны тағамның барлық дерлік түрлерін, әдеттегідей пісіру және қуыру үшін пайдалануға болады.
	Үстіңгі қызу + конвекция	190	Үстіңгі қыздырғыш элемент қызу бөледі және оны конвекция желдеткіші біркелкі таратады. Бұл режимді үстін қытырлақ етіп қуыруды қажет ететін (мысалы, ет немесе лазанья) тағам үшін пайдаланыңыз.
	Астыңғы қызу + конвекция	190	Астыңғы қыздырғыш элемент қызу бөледі және оны конвекция желдеткіші біркелкі таратады. Бұны пицца, нан немесе торт пісіру үшін пайдаланыңыз.
	Үлкен гриль	2-деңгей	Үлкен аумақтың грилі қызу шығарады. Тағамның үстіңгі жағын қызарту үшін (мысалы, ет, лазанья немесе гратин) осы режимді пайдаланыңыз.

Тағам пісіруді тоқтату үшін



Тағам пісіп тұрған кезде  таңдау үшін режим тетігін бұраңыз.

ЕСКЕРТПЕ


Егер пештің іші ыстық болса:
Пешті сөндіргеннен кейін де желдеткіш автоматты түрде қосылады және пештің шамы пеш суығанша қосылуы тұрады.


Іске пайдалану

Дәстүрлі

Пештің шамы

Пеш жұмыс істей бастаған кезде пештің шамы автоматты түрде жанады.



Пештің шамын пешті іске қоспай жағу үшін, режим тетігін  қалпына бұраңыз.



ЕСКЕРТПЕ

Пештің шамын таңдағанда желдеткіш автоматты түрде қосылады.

Бала қауіпсіздігінің құралы

Қатерлі жағдайларға жол бермеу үшін Бала қауіпсіздігінің құралы барлық басқару құралдарын ажыратады. Бала қауіпсіздігінің құралы Сөндіру немесе Шам режимі калпында ғана жұмыс істейді.



Басқару панеліндегі бекітпені іске қосу үшін  және  түймешіктерін 3 секунд қатар басып ұстап тұрыңыз немесе сөндіру үшін қайта 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.





ЕСКЕРТПЕ

Бала қауіпсіздігінің құралы қосылған кезде дисплейде “L” пайда болады.


Таймер

Таймер уақытты немесе тағам пісіру уақытын қарауға мүмкіндік береді.



1.  түймесін басыңыз.
2. Уақытты орнату үшін  /  түймешіктерін басыңыз, содан кейін  түймешігін басыңыз.
Уақытты ең көбі 23 сағат 59 минутқа қоюға болады.

ЕСКЕРТПЕ

Таймердің жұмысын болдырғыңыз келмесе  түймешігін басыңыз, содан кейін уақытты 0:00-ге қойыңыз.

Смарт пісіру

Қолмен пісіру

Акриламидке қатысты ЕСКЕРТУ

Картоп чипсылары, фри және нан тәрізді крахмалы бар тағамдарды пісірген кезде пайда болатын акриламид денсаулыққа қатысты мәселенің туындауына әкелуі мүмкін. Бұл тағамдарды төмен температурада, қатты пісірмей, қызартпай немесе күйгізіп жібермей пісіруді ұсынамыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тағам пісіруге арналған нұсқауларда басқаша көрсетілмесе, барлық пісіру режимдері үшін алдын ала қыздыруды ұсынамыз.
- Эко Гриль функциясын пайдаланған кезде тағамды керек-жарақ науасының ортасына қойыңыз.

Керек-жарақтарға қатысты ақыл-кеңес

Пешіңіз әр түрлі керек-жарақтармен бірге жеткізіледі. Төмендегі кестелердегі кейбір керек-жарақтардың жинақта жоқ екенін көруіңіз мүмкін. Дегенмен, осы тағам пісіру нұсқаулығында көрсетілгендей керек-жарақтар болмаса да, бар керек-жарақтарды пайдаланып дәл осындай нәтижелерге қол жеткізуге болады.

- Пісірме науа мен әмбебап науаның орындарын өзара ауыстырып пайдалануға болады.
- Майлы тағам пісірген кезде науаны май-сәлді жинау үшін тор сөренің астына қоюды ұсынамыз. Жинаққа тор сөренің төсемесі кірсе, оны науамен бірге пайдалануға болады.
- Әмбебап немесе шұңғыл науа немесе екеуі де берілсе, майлы тағам пісіру үшін ең тереңдеу біреуін пайдалануды ұсынамыз.

Пісіру

Пешті барынша жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін алдын ала қыздыруды ұсынамыз.

Тағам	Жабдықтары	Деңгей	Қыздыру түрі	Темп. (°C)	Уақыт (мин.)
Көтеріліп піскен торт	Тор сәре, Ø 25-26 см қалбыр	2		160 -170	35 -40
Үгілме торт	Тор сәре, Gugelhorf қалбыры	3		175-185	50 -60
Тарталетка	Тор сәре, Ø 20 см тарталетка қалбыры	3		190-200	50-60
Жемістер мен үгінділер сөбілген ашыған қамыр торты, науаға қойылған	Әмбебап науа	2		160-180	40-50
Жеміс үгінділері	Тор сәре, 22-24 см пеш ыдысы	3		170-180	25-30
Шелпектер	Әмбебап науа	3		180-190	30-35
Лазанья	Тор сәре, 22-24 см пеш ыдысы	3		190-200	25-30
Меренга	Әмбебап науа	3		80-100	100-150
Суфле	Тор сәре, суфле тостақтары	3		170-180	20-25
Алма қосылған ашыма торт	Әмбебап науа	3		150-170	60-70
Үй пиццасы, 1-1,2 кг	Әмбебап науа	2		190 -210	10-15
Ашымаған, мұздатылған кондитер өнімі, толтырмасы бар	Әмбебап науа	2		180-200	20-25

Тағам	Жабдықтары	Деңгей	Қыздыру түрі	Темп. (°C)	Уақыт (мин.)
Киш	Тор сәре, 22-24 см пеш ыдысы	2		180-190	25 -35
Алма бөліші	Тор сәре, Ø 20 см қалбыр	2		160 -170	65 -75
Тоңазытылған пицца	Әмбебап науа	3		180-200	5-10

Қуыру

Тағам	Жабдықтары	Деңгей	Қыздыру түрі	Темп. (°C)	Уақыт (мин.)
Ет (Сиыр/Шошқа/Қой еті)					
Сиырдың қоң еті, 1 кг	Тор сәре + Әмбебап науа	3 1		160 -180	50 -70
Бұзаудың сүйексіз төс еті, 1,5 кг	Тор сәре + Әмбебап науа	3 1		160 -180	90 -120
Қуырылған шошқа еті, 1 кг	Тор сәре + Әмбебап науа	3 1		200-210	50-60
Шошқаның буын еті, 1 кг	Тор сәре + Әмбебап науа	3 1		160 -180	100 -120
Қойдың сүйегі алынбаған сирағы, 1 кг	Тор сәре + Әмбебап науа	3 1		170-180	100 -120
Құс еті (Тауық/Үйрек/Күркетауық)					
Тауық, бүтін, 1,2 кг *	Тор сәре + Әмбебап науа	3 1		205	80-100
Тауықтың кесек еттері	Тор сәре + Әмбебап науа	3 1		200-220	25-35
Үйректің төс еті	Тор сәре + Әмбебап науа	3 1		180-200	20-30
Кішкене күркетауық, бүтін 5 кг	Тор сәре + Әмбебап науа	3 1		180-200	120-150

Смарт пісіру

Тағам	Жабдықтары	Деңгей	Қыздыру түрі	Темп. (°C)	Уақыт (мин.)
Көкөністер					
Көкөністер, 0,5 кг	Тор сөре + Әмбебап науа	3 1		220 -230	15-20
Пісірілген жарты картоптар, 0,5 кг	Тор сөре + Әмбебап науа	3 1		200	45-50
Балық					
Балық филесі, пісірілген	Тор сөре + Әмбебап науа	3 1		200-230	10-15
Қуырылған балық	Тор сөре + Әмбебап науа	3 1		180-200	30-40

* Уақыттың жартысы өткенде аударыңыз.

Гриль жасау

Үлкен гриль функциясын қолданып, пешті бос күйінде 5 минут алдын ала қыздырыңыз.

Тағам	Жабдықтары	Деңгей	Қыздыру түрі	Темп.	Уақыт (мин.)
Нан					
Тост	Тор сөре	5		3	2-4
Ірімшіктен жасалған тост	Әмбебап науа	4		1	4-8
Сиыр еті					
Стейк *	Тор сөре + Әмбебап науа	4 1		3	15-20
Бургерлер *	Тор сөре + Әмбебап науа	4 1		3	15 -20
Шошқа ет					
Шошқаның туралған еттері	Тор сөре + Әмбебап науа	4 1		3	20 -25
Шұжықтар	Тор сөре + Әмбебап науа	4 1		3	10-15
Құс еті					
Тауықтың төсі	Тор сөре + Әмбебап науа	4 1		3	30 -35
Тауық, сирақтары	Тор сөре + Әмбебап науа	4 1		3	25-30

* Пісіру уақытының ²/₃ бөлігі өткен кезде аударыңыз.

Мұздатылған дайын тағам










Тағам	Жабдықтары	Деңгей	Қыздыру түрі	Темп. (°C)	Уақыт (мин.)
Мұздатылған пицца	Тор сөре	3		200-220	15-25
Мұздатылған лазанья	Тор сөре	3		180-200	45-50
Мұздатылған фри	Әмбебап науа	3		220-225	20-25
Мұздатылған крокеттер	Әмбебап науа	3		220-230	25-30

Ыдыстарды сынақтан өткізу

EN 60350-1 стандарты бойынша

1. Пісіру

Тағам пісіру үшін берілген ұсыныстар, алдын ала қыздырылған пешке арналған. Жылдам алдын ала қыздыру функциясын пайдаланбаңыз. Науалардың қисайған жағын үнемі есіктің алдыңғы жағына қаратып қойыңыз.

Тағамның түрі	Жабдықтары	Деңгей	Қыздыру түрі	Темп. (°C)	Уақыт (мин.)
Кішкене кекстер	Әмбебап науа	3		170	25-30
		2		165	28-33
		1+4		155	35-40
Үгілмелі печенье	Әмбебап науа	1 + 4		140	30-35
Майсыз қопсыма торт	Тор сөре + Тортқа арналған серіппе қалбыр (Баран қаптамасы бар, Ø 26 см)	2		160	35-40
		2		160	35-40
		1+4		155	45-50
Алма бәліші	Тор сөре + 2 Тортқа арналған серіппе қалбыр * (Баран қаптамасы бар, Ø 20 см)	1- көлденең қойылған		160	70-80
		Әмбебап науа + Тор сөре + 2 Тортқа арналған серіппе қалбыр ** (Баран қаптамасы бар, Ø 20 см)	1+3		160



* Тордың артқы сол жағы мен алдыңғы оң жағына бір-бірден, барлығы екі торт қойылады.

** Екі торт бірінің үстіне бірі, тордың ортасына қойылады.

Смарт пісіру


2. Гриль жасау

Үлкен гриль функциясын қолданып, пешті бос күйінде 5 минут алдын ала қыздырыңыз.

Тағамның түрі	Жабдықтары	Деңгей	Қыздыру түрі	Темп.	Уақыт (мин.)
Ақ наннан тост жасау	Тор сөре	5		3	1-2
Бифбургерлер* (12 дана)	Тор сөре + Әмбебап науа (май-сөл жинауға арналған)	4 1		3	1-ші 18-22 2-ші 7-10

* Пісіру уақытының 2/3 өткен кезде аударыңыз.

3. Қуыру

Тағамның түрі	Жабдықтары	Деңгей	Қыздыру түрі	Темп. (°C)	Уақыт (мин.)
Бүтін тауық*	Тор сөре + Әмбебап науа (май-сөл жинауға арналған)	3 1		205	80 -100

* Уақыттың жартысы өткенде аударыңыз.

Күтім көрсету

Тазалау

▲ ЕСКЕРТУ

- Тазалар алдында пеш пен пештің керек-жарақтарының салқын тұрғанын тексеріп алыңыз.
- Жеміргіш жуғыш құралдарды, қатты шөткелерді, түрпілі жөке немесе шүберектерді, темір жөкені, пышақ немесе басқа да жеміргіш құралмен тазалауға болмайды.

Пештің ішкі жасақтамасы

- Пештің ішін тазалау үшін, таза шүберек пен жұмсақ жуғыш затты немесе сабынды суды қолданыңыз.
- Есіктің тығыздағышын қолмен тазаламаңыз.
- Пештің эмаль қаптамасын бүлдіріп алмас үшін, пешке арналған стандартты жуғыш заттарды ғана қолданыңыз.
- Қатып қалған қоқысты тазалау үшін арнайы пеш тазалағышты қолданыңыз.

Пештің сырты

Пештің есігі, тұтқасы және дисплейі тәрізді сыртқы жақтарын тазалау үшін таза шүберек пен жұмсақ жуғыш затты немесе жылы сабынды суды пайдаланыңыз да, ас үй сүрткішімен немесе құрғақ сүлгімен сүртіңіз.

Май мен қоқыс іштен шығатын ыстық ауаға байланысты әсіресе тұтқаның айналасына жиналуы мүмкін. Тұтқаны пайдаланып болған сайын тазалауды ұсынамыз.

Керек-жарақтары

Керек-жарақтарды қолданып болған сайын жуып, ыдыс-аяқ сүлгісімен құрғатыңыз. Қатып қалған қоқысты тазалау үшін пайдаланылған керек-жарақтарды жуу алдында жылы суға шамамен 30 минут жібітіңіз.

Каталитті эмаль қаптама (бар үлгілерге ғана қатысты)

Алмалы бөлшектер қара сұры каталитті эмальмен қапталған. Оларға конвекциямен пісіру кезінде ыстық ауамен таралатын май және тоң май шашырап ластайды. Дегенмен, бұл қалдықтар пештің 200 °C градус және одан жоғары температурасында күйіп кетеді.


1. Пештің керек-жарақтарын түгел алыңыз.
2. Пештің ішін тазалаңыз.
3. Конвекция режимін ең жоғарғы температураға қойып таңдаңыз да, циклды шамамен бір сағат қосыңыз.

Есікті ағытып алу


Пештің есігін әдетте алмай қолдану керек, дегенмен, пештің есігін мысалы, тазалау үшін алу керек болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ


Пештің есігі ауыр.



1. Есікті ашыңыз да, екі топсадағы қапсырмаларды түгел ашыңыз.




2. Есікті шамамен 70° бойынша жабыңыз. Есіктің екі жақтауының орта тұсынан қос қолдап ұстап, топсаларын ағытып алғанша тартып көтеріңіз.




3. Тазалап болғаннан кейін есікті орнына салу үшін 1 және 2 қадамдарды кері ретпен орындаңыз. Топсаның қапсырмасын екі жағынан жабу керек.

Есіктің шынысын алу

Пештің есігі бірінен кейін бірі орналасқан үш шыны панельден тұрады. Шыны панельдерді алып тазалауға болады.




1. Есіктің сол жағы мен оң жағындағы түймешіктердің екеуін де басыңыз.



2. Қақағын алыңыз да, есіктен 1-ші және 2-ші панельді алыңыз.

01 1-ші шыны



3. Есіктің шыныларын тазалағаннан кейін қайта орындарына салу үшін 1, 2-ші қадамдарды кері ретпен орындаңыз. Жоғарыдағы суретке қарап 1-ші және 2-ші шынылардың дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.

01 1-ші шыны


02 2-ші шыны

📖 ЕСКЕРТПЕ

Ішкі 1-ші шыныны орнына қоярда, бедері бар жағын төмен бағыттата салыңыз.

Күтім көрсету

Су жинағыш




01 Су жинағыш

Су жинағыш тағам пісірген кезде артық ылғалды ғана жинамайды, тағам қалдығын да жинайды. Су жинағышты уақытылы босатып, тазалаңыз.


▲ ЕСКЕРТУ

Су жинағыштан су ақса, бізге жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығы арқылы хабарласыңыз.

Төбені бұмен тазалау (үлгіге байланысты)




1. Пештің төбесін тазалаған кезде гриль қыздырғышты төмен түсіріп қойған тиімді. Гриль қыздырғышын ұстап тұрып, үстіңгі шығырықты сағат тілінің бағытына қарсы бұрап алыңыз.




01 Шамамен 12°

2. Гриль қыздырғышының алдыңғы жағы төмен жиналады, гриль қыздырғышын пештің төбесінен алу мүмкін емес. Гриль қыздырғышын төмен баспаңыз, гриль қыздырғышы майысып қалуы мүмкін.




3. Тазалап болғаннан кейін гриль қыздырғышын өз орнына көтеріп салып, дөңгелек гайканы сағат тілінің бағытымен бұраңыз


Бүйірлік сырғытпа жолдарды алу (үлгіге байланысты)



1. Бүйірлік сырғытпаның үстіңгі жағының ортасын басыңыз.




2. Бүйірлік сырғытпаны шамамен 45° градусқа айналдырыңыз.



3. Бүйірлік сырғытпаны астыңғы екі тесіктен тартып шығарыңыз.

Ауыстыру

Шамдар



1. Шыны қалпағын сағат тілінің бағытына қарсы бұрап алыңыз.
2. Пештің шамын айырбастаңыз.
3. Шыны қалпақты тазалаңыз.
4. Болған кезде жоғарыдағы 1-қадамды кері ретпен орындап, шыны қалпақты орнына салыңыз.

▲ ЕСКЕРТУ

- Шамды ауыстыру алдында пешті сөндіріп, қуат сымын ағытыңыз.
- Тек 25-40 W / 220-240 V, 300 °C қызуға төзімді шамдарды ғана пайдаланыңыз. Пайдалануға рұқсат етілген шамдарды жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығынан сатып алуға болады.
- Галоген шамын қолданғанда, әрқашан құрғақ шүберекпен ұстаңыз. Бұл шамның қолданыс мерзімін қысқартатын саусақтардың ізі қалмау немесе теріңіз шамға тиіп кетпеу үшін қажет.

Ақаулық себептерін анықтау

Тексерулер

Пешке қатысты ақау пайда болса, әуелі төмендегі кестені қарап, ұсыныстарды орындап көріңіз. Ақау түзелмесе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Түймелер дұрыс басылмайды.	• Түймелердің арасына бөгде зат қыстырылып қалуы мүмкін	• Бөгде затты алып, қайталаңыз.
	• Тач үлгі: сыртқы бетте ылғал бар болуы мүмкін	• Ылғалды тазалап, қайталаңыз.
	• Бекітпе функциясы орнатылып тұруы мүмкін	• Бекітпе функциясының орнатылмағанын тексеріңіз.
Уақыт көрсетілмейді.	• Қуат қосылмаған болуы мүмкін	• Қуаттың қосылған-қосылмағанын тексеріңіз.
Пеш жұмыс істемей тұр.	• Қуат қосылмаған болуы мүмкін	• Қуаттың қосылған-қосылмағанын тексеріңіз.
Пеш жұмыс істеп тұрып тоқтап қалады.	• Розеткадан ағытылып қалған болуы мүмкін	• Қуат көзіне қайта қосыңыз.
Жұмыс істеп тұрған кезде тоқ сөніп қалады.	• Пісірген кезде ұзақ уақыт пісірсе	• Ұзақ уақыт пісіргеннен кейін пешті салқындатыңыз.
	• Желдеткіш жұмыс істемесе	• Желдеткіштің шуылын естіңіз.
	• Пеш желдетілмейтін жерге орнатылса	• Құрылғыны орнату нұсқаулығында көрсетілген орындарды сақтаңыз.
	• Бірнеше қуат ашасын бір розеткаға қосып пайдаланған кезде	• Жалқы ашаны пайдаланыңыз.
Пешке тоқ келмей тұр.	• Қуат қосылмаған болуы мүмкін	• Қуаттың қосылған-қосылмағанын тексеріңіз.

Ақаулық себептерін анықтау

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Пештің сырты жұмыс кезінде өте ыстық.	<ul style="list-style-type: none"> Пеш желдетілмейтін жерге орнатылса 	<ul style="list-style-type: none"> Құрылғыны орнату нұсқаулығында көрсетілген орындарды сақтаңыз.
Есік дұрыс ашылмайды.	<ul style="list-style-type: none"> Есік пен құрылғының ішіне тағам қалдығы тұрып қалса 	<ul style="list-style-type: none"> Пешті мұқият тазалап, содан кейін есікті қайта ашыңыз.
Ішкі жарықтама шам күңгірт болып тұр, бірақ жанбайды.	<ul style="list-style-type: none"> Шам жанып, содан кейін сөніп қалса 	<ul style="list-style-type: none"> Шам біраз уақыттан кейін қуатты үнемдеу үшін автоматты түрде сөнеді. Оны шамның түймешігін басып қайта қосуға болады.
	<ul style="list-style-type: none"> Тағам пісіру барысында шамға басқа зат жағылып қалса 	<ul style="list-style-type: none"> Пештің ішін қайта тазалап, содан кейін тексеріңіз.
Пештен тоқ соғады.	<ul style="list-style-type: none"> Егер қуатпен жабдықтау жерге дұрыс қосылмаған болса Розетка жерге қосылмаған болуы мүмкін 	<ul style="list-style-type: none"> Қуат сымының жерге дұрыс қосылған-қосылмағанын тексеріңіз.
Су тамшылап тұр.	<ul style="list-style-type: none"> Кей жағдайда тағам түріне қарай су немесе бу пайда болуы мүмкін. Бұл құрылғының ақауы емес. 	<ul style="list-style-type: none"> Пешті салқындатып, содан кейін құрғақ ас үй сүлгісімен сүртіңіз.
Есіктің жарығынан бу шығады.		
Пеште су қалған.		
Пештің ішінің жарығы әр түрлі.	<ul style="list-style-type: none"> Қуат шығысының өзгеруіне байланысты жарықтылық өзгереді. 	<ul style="list-style-type: none"> Тағам пісіру барысында қуаттың өзгеруі ақау емес, сондықтан уайымдаудың қажеті жоқ.

Ақаулық	Себебі	Әрекет
Тағам пісіру аяқталды, бірақ желдеткіш әлі жұмыс істеп тұр.	<ul style="list-style-type: none"> Желдеткіш пештің ішін желдету үшін біраз уақыт автоматты түрде жұмыс істейді. 	<ul style="list-style-type: none"> Бұл құрылғының ақауы емес, сондықтан қобалжымаңыз.
Пеш қызбайды.	<ul style="list-style-type: none"> Есік ашық болса 	<ul style="list-style-type: none"> Есікті жауып, қайта бастаңыз.
	<ul style="list-style-type: none"> Пештің басқару құралдары дұрыс орнатылмаған болса 	<ul style="list-style-type: none"> Пештің жұмысына қатысты тарауды қарап, пешті бастапқы қалпына қойыңыз.
	<ul style="list-style-type: none"> Үйдегі сақтандырғыш жанып кетсе немесе айырып-қосқыш іске қосылып кетсе 	<ul style="list-style-type: none"> Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе желіні бастапқы қалпына қойыңыз. Бұндай жағдай қайталанса, электр маманын шақырыңыз.
Жұмыс кезінде түтін шығады.	<ul style="list-style-type: none"> Бастапқыда іске қосқан кезде 	<ul style="list-style-type: none"> Пешті алғаш пайдаланған кезде қыздырғыштан түтін шығуы мүмкін. Бұл ақау емес, егер пешті 2-3 рет іске қоссаңыз тоқтауы керек.
	<ul style="list-style-type: none"> Қыздырғышта тағам тұрса 	<ul style="list-style-type: none"> Пешті жеткілікті суытып, тағамды қыздырғыштан алыңыз.
Пешті пайдаланған кезде күйген иіс немесе пластиктің иісі шығады.	<ul style="list-style-type: none"> Қызуға төзімсіз пластик немесе басқа сауыттарды пайдалансаңыз 	<ul style="list-style-type: none"> Ыстық температураларға жарамды шыны сауыттарды пайдаланыңыз.



Ақаулық	Себебі	Әрекет
Пеш дұрыс пісірмейді.	<ul style="list-style-type: none"> Тағам пісіру барысында есік жиі ашылған болуы мүмкін 	<ul style="list-style-type: none"> Аударуды қажет ететін тағам пісіріп жатпасаңыз, есікті ашпаңыз. Егер есікті ашсаңыз, ішкі температура төмендеуі және бұл тағам пісіру нәтижесіне әсер етуі мүмкін.

Ақпарат кодтары

Пеш жұмыс істемей қалса, дисплейден ақпарат кодын көруіңіз мүмкін. Төмендегі кестелерді қарап, ұсыныстарды орындап көріңіз.

Код	Мағынасы	Әрекет
C-20	Сенсордың ақаулары	Пешті сөндіріп, содан кейін қайта қосыңыз. Ақау сонда да жалғасса, барлық тоқты 30 секунд сөндіріп, содан кейін қайта қосыңыз. Ақау түзелмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
C-21		
C-22		
C-d0	Түйме ақауы Түймені басып, біраз ұстап тұрған кезде пайда болады.	Түймелерді тазалаңыз және үстінде/айналасында су жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Пешті сөндіріп, қайта бастаңыз. Ақау түзелмесе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
S-01	Автоматты сөндіру Пеш орнатылған температура бойынша ұзақ уақыт үздіксіз жұмыс жасаған. <ul style="list-style-type: none"> 105 °C градустан төмен - 16 сағат 105 °C градустан 240 °C градусқа дейін - 8 сағат 245 °C градустан Макс. - 4 сағат 	Бұл жүйенің ақауы емес. Пешті сөндіріп, тағамды алыңыз. Содан кейін қайта қалыпты түрде қолданыңыз.

Қосымша

	<p>Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.</p>
	<p>Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.</p>

Қалыпты жағдайда қолдануға арналған Қолдану мерзімі: 7 жыл



SAMSUNG

Өндіруші : Samsung Electronics Co., Ltd / Самсунг Электроникс Ко., Лтд

Өндірушінің мекенжайы :
(Мастан-донг) 129, Самсунг-ро, Йонгтонг-гу, Сувон-си, Гйонгги-до, Корея, 16677

Зауыттың мекенжайы :
ЛОТ 2, ЛЕБУХ 2, НОРС КЛАНГ СТРЕЙТС, ЭРИА 21, ИНДАСТРИАЛ ПАРК,
42000 ПОРТ КЛАНГ, СЕЛАНГОР ДАРУЛ ЭСАН, МАЛАЙЗИЯ

Өнімнің өндірілген жердің атауы : Малайзия

Импорттаушы :
«SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA» (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ)
ЖШС: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Өл-Фараби д-лы, 36-үй, 3, 4-қабат

“SAMSUNG ELECTRONICS CENTRAL EURASIA” (САМСУНГ ЭЛЕКТРОНИКС ЦЕНТРАЛЬНАЯ ЕВРАЗИЯ)
Республика Казахстан, 050059, г. Алматы, Медеуский район, пр. Аль-Фараби, д. 36, 3, 4 этажи

СҰРАҚТАРЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСТАРЫҢЫЗ БАР МА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ	НЕМЕСЕ МЫНА САЙТҚА БАРЫҢЫЗ
RUSSIA	8-800-555-55-55 (VIP care 8-800-555-55-88)	www.samsung.com/ru/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799)	
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799, VIP care 7700)	www.samsung.com/kz_ru/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	www.samsung.com/support
MONGOLIA	1800-25-55	
BELARUS	810-800-500-55-500	
MOLDOVA	0-800-614-40	
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.com/ua/support (Ukrainian) www.samsung.com/ua_ru/support (Russian)



DG68-00762A-02